ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

23.04.2026 ж.

Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№ 192

город Актобе

«WorldSkills Aktobe – 2026»

өңірлік чемпионатын өткізу туралы

«Talap» коммерициялық емес акционерлік қоғамының 10.04.2026 жылғы №01-00/3898 хаты және WorldSkills Kazakhstan бас ассамблеясының бекіткен ережесі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аймақтық **«WorldSkills Aktobe – 2026»** кәсіби шеберлік чемпионаты **2026 жылдың 13-15 және 18-22 мамыр** аралығында өткізілсін.

2. Аймақтық «WorldSkills Aktobe – 2026» кәсіби шеберлік чемпионатының құзіреттіліктер тізімі мен жауапты колледждер *1-қосымшаға* сәйкес бекітілсін.

3. Ақтөбе облысы білім басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлімі (В.Шавкилова), Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы (Д.Жаманбаева):

3.1. Аймақтық «WorldSkills Aktobe – 2026» чемпионатының ұйымдастырылуы мен сапалы өткізілуі жүзеге асырылсын;

3.2.2-қосымшаға сәйкес, «WorldSkills Aktobe – 2026» чемпионатын ұйымдастыруға өңірлік техникалық делегаттар және жұмысшы тобы құрылсын;

3.3. «WorldSkills Aktobe – 2026» чемпионатының қатысушылары мен компатриоттар тізімі *3-қосымшаға* сәйкес бекітілсін.

4. Қаржы және экономика бөлімі (А.Толыбаева) аймақтық «WorldSkills Aktobe – 2026» чемпионатын өткізуге кететін шығындарды сметаға сәйкес қаржыландыру қамтамасыз етілсін *(4-қосымша)*.

5. «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығына (А.Қабен) аймақтық «WorldSkills Aktobe – 2026» чемпионатын

004152

ұйымдастыруға қажетті шығыстар сметасына *(4-қосымша)* сәйкес сатып алуды ұйымдастыру тапсырылсын.

6. Аталған чемпионатқа мемлекеттік және мемлекеттік емес колледждердің қатысуы міндеттелсін.

7. Аймақтық чемпионатқа қатысушы мемлекеттік және мемлекеттік емес колледж басшыларына:

7.1. Аймақтық чемпионаттың ашылу және жабылу салтанатты шарасына қатысушылардың имиджідік киімдер, қажетті жабдықтар шығыны *(5-қосымша)*, ұйымдастыру жарналары және т.б. қаржылық шығындарды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы есебінен ұйымдастырылсын.

7.2. Чемпионат барысында кәсіптік бағдар жұмыстары сапалы ұйымдастырылсын. Чемпионат өтетін колледж базасында арнайы ақпараттық стенд, жадынамалар, ақпараттық бұрыштар жабдықталсын.

7.3. Чемпионатқа қатысушылардың өмір қауіпсіздігіне жетекшілердің жауаптылығын ескерту, чемпионаттың өту барысында электр желісіне қосу кезінде, сондай-ақ механизмдермен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде барлық қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтау тапсырылсын. Чемпионат барысында:

- өртке қарсы (ПБ), электрлік (ЕТ) және басқа да қауіпсіздік стандарттарын сақтауға;
- қатысушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізуін қамтамасыз етуге;
- қатысушылардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамау нәтижесінде болған жазатайым оқиғаларды болдырмауға жауапты.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жөніндегі басшының орынбасары А.Ізбасарға жүктелсін.

Басқарма басшысының м.а. **Н.Бертлеуова**